

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР
стандартты аукцион (мамандандырылған биржалық аукцион)
арқылы жер қойнауын пайдаланушылардың корпоративтік сатып алуларын
ұйымдастыру жөнінде

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы әдістемелік ұсынымдар нормативтік және (немесе) регламенттеуші құжат болып табылмайды және «ЕСЖ» тауар биржасы» АҚ-ның мамандандырылған биржалық аукционында (бұдан әрі – ЕСЖ Биржасы) тауарларды сатып алу процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдық сипатқа ие.

1.2. Осы әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, нормативтік құқықтық актілері, ЕСЖ Биржасының Сауда қағидалары, «ЕСЖ Клиринг орталығы» ЖШС-нің Клиринг қағидалары (бұдан әрі – ЕСЖ КО) негізінде жасалды.

1.3. Осы әдістемелік ұсынымдарда пайдаланылатын айқындамалар ЕСЖ Биржасының Сауда қағидаларына және ЕСЖ КО-ның Клиринг қағидаларына сәйкес қолданылады:

Тауар – ЕСЖ Биржасында өткізілетін және Қазақстан Республикасының «Тауар биржалары туралы» Заңында белгіленген талаптарға сай келуге тиіс тауар. ЕСЖ Биржасы арқылы жылжымайтын мүлік, зияткерлік меншік объектілері және айналымнан алынған тауарлар сатып алынбайды.

Бастамашы – ЕСЖ Биржасының Сауда қағидаларында көзделген тәртіппен және талаптарда Аукцион өткізуді бастамашылық ететін сауда-саттыққа қатысушының клиенті немесе дилер (бұдан әрі – Дилер).

Аукционға қатысуға үміткерлер – Бастамашыны қоспағанда, өз атынан және өз есебінен әрекет ететін сауда-саттыққа қатысушылар немесе өз атынан және Клиенттің есебінен әрекет ететін сауда-саттыққа қатысушылар.

Әлеуетті өнім беруші – жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды сатып алу процесіне қатысатын жеке тұлға (дара кәсіпкер), заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Әлеуетті өнім беруші не Аукционға қатысуға үміткердің клиенті болады, не ЕСЖ Биржасының мүшесі бола отырып, өзі Үміткер ретінде қатысады.

1.4. ЕСЖ Биржасында жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларын өткізудің қағидаттары:

1.4.1. сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;

1.4.2. әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік.

2. Сауда-саттық режимі

2.1. Жер қойнауын пайдаланушылардың тауар биржалары арқылы сатып алуы стандартталған біртекті тауарлар бойынша – жалпыға ортақ тәртіппен қосарланған қарсы аукцион режимінде, ал стандартталмаған (мамандандырылған) тауарлар бойынша – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 727

бұйрығымен бекітілген Биржалық сауданың үлгі қағидаларының 10-тарауында белгіленген тәртіппен стандартты аукцион режимінде жүргізіледі.

2.2. Жер қойнауын пайдаланушылардың стандартталмаған (мамандандырылған) тауарларды сатып алуы үшін ЕСЖ Биржасында ЕСЖ Биржасының Сауда қағидаларына сәйкес мамандандырылған биржалық аукцион (екі кезенді, сегіз күндік) қолданылады (бұдан әрі, нақтылау қажет болмаған жағдайда, – аукцион).

3. Жер қойнауын пайдаланушының сатып алуы бойынша аукционды жариялау

3.1. ЕСЖ Биржасында сатып алу рәсімі ЕСЖ Биржасының Сауда қағидаларына сәйкес аукцион өткізуге өтінімді қалыптастырудан және беруден басталады.

3.2. Лоттарды қалыптастыру кезінде мынадай өлшемшарттар ескерілуге тиіс:

3.2.1. қолданылу салалары әртүрлі техниканы (өнеркәсіптік техника, тұрмыстық техника, құрылыс техникасы, робот техникасы және т.б.) бір лотқа біріктіруге жол берілмейді;

3.2.2. қолданылу саласы бір техниканы (өзге де заттарды), егер мұндай техниканы (өзге де заттарды) қазақстандық тауар нарықтарында сатып алу-сату бойынша іскерлік айналым әдет-ғұрыптары соған жол берсе, бір лотпен сатып алуға болады;

3.2.3. техниканы және оның жұмысына қажетті шығыс материалдарын бір лотқа біріктіруге жол берілмейді, бір лотпен сатып алу өндірістік қажеттілікке байланысты болған жағдайды қоспағанда;

3.2.4. полиграфия бұйымдары, кеңсе тауарлары, жиһаз, өндірістік электроника бұйымдары, тұрмыстық электроника бұйымдары, есептеуіш (компьютерлік) техника, шаруашылық тауарлары, құрылыс материалдары, киім, дайын өнім өндіруге пайдаланылатын материалдар (шикізат) жекелеген лоттармен сатып алынуға тиіс. Өндірістік қажеттілік мақсатында аталған санаттарға кіретін тауарлар неғұрлым ұсақ лоттарға бөлінуі мүмкін;

3.2.5. дайын бұйымдарды және оларға арналған қосалқы бөлшектерді (жинақтауыштарды, фурнитураны) бір лотқа біріктіруге жол берілмейді, бір лотпен сатып алу өндірістік қажеттілікке байланысты болған жағдайды қоспағанда;

3.2.6. сатып алынатын тауарларды брендтер (тауар таңбалары, өндіруші атаулары) бойынша бөле отырып, лоттарды қалыптастыру ұсынылады.

3.3. Үміткерлерді біліктілік іріктеу үшін талаптарды қалыптастыру кезінде мерзімдер, құжаттардың өзектілігі, болу немесе болмау кезеңдері, оқиғалар және т.б. өлшенетін әрі Үміткерлерге түсінікті болуға тиіс екенін ескеру қажет.

3.4. Тауарға қойылатын техникалық талаптарды түсіндіру талап етілетін аукцион өткізуге өтінімді қалыптастыру кезінде Аукцион Бастамашысының жауапты тұлғасын көрсету ұсынылады.

3.5. Бастамашының брокері брокерлік қызмет көрсету шартында клиенттік бұйрықтарды, оның ішінде аукцион өткізуге өтінімді алу тәсілдерін нақты айқындауға тиіс. Сондай-ақ брокерлік қызмет көрсету шартында ЕСЖ Биржасының Сауда қағидаларының нормаларына сілтеме жасай отырып, аукцион өткізуден дәлелді бас тарту рәсімі көрсетілуге тиіс.

3.6. Бастамашының брокері ЕСЖ Биржасында аукцион өткізуге өтінімді алған кезде өтінімді алу уақытын тіркеуге тиіс.

3.6.1. Қағаз құжат түріндегі аукцион өткізуге өтінім қолма-қол немесе пошта арқылы келіп түскен жағдайда, алу туралы белгі брокер-бастамашы тарапынан қағаз құжаттың көшірмесіне қабылданған күні мен уақыты, құжатты қабылдаған қызметкердің Т.А.Ә. көрсетіліп қойылуға

тиіс. Қағаз құжаттың көшірмесі алынғаннан кейін дереу Бастамашыға қайтарылады не құжаттардың атауы мен парақ саны көрсетілген қабылдау-тапсыру актісі ресімделеді.

3.6.2. Электрондық құжат түріндегі аукцион өткізуге өтінім алынған жағдайда, алу туралы белгі электрондық құжаттың алынғанын растайтын жауап электрондық хабарламасын жолдау болып табылады.

3.7. Брокер-бастамашы аукцион өткізуге өтінімді ЕСЖ Биржасына электрондық құжат айналымы жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАЖ) арқылы жібереді, мұнда жіберу және алу уақыты тіркеледі.

4. Әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуы

4.1. Аукционға қатысу үшін әлеуетті өнім беруші мынадай дәйекті әрекеттерді орындауға тиіс:

4.1.1. ЕСЖ Биржасының интернет-ресурсындағы деректерге сәйкес ЕСЖ Биржасында аккредиттелген биржалық брокерді таңдап, онымен брокерлік қызмет көрсету шартын жасасу;

4.1.2. Бастамашы әлеуетті өнім берушіге қоятын біліктілік талаптарының орындалуын растайтын құжаттарды дайындау;

4.1.3. аукционға қатысуға өтінімді құжаттарды қоса бере отырып, дербес не брокермен бірлесіп толтыру;

4.1.4. ЕСЖ Биржасының Сауда қағидаларына сәйкес аукционға қатысуға өтінімді өз брокеріне беру;

4.1.5. Бастамашы сауда-саттыққа жіберген жағдайда, егер Бастамашы оны енгізу қажеттігін белгілесе, биржалық қамтамасыз етуді Клиринг орталығының банктік шотына енгізу.

4.2. Біліктілік талаптарының орындалуын растайтын құжаттарды дайындау кезінде әлеуетті өнім беруші барлық қажетті құжаттарды ұсынуға тиіс. Аукцион туралы хабарландырудағы біліктілік талаптарында көрсетілген қандай да бір құжаттың болмауы әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуін білдіреді және оны аукционға қатысуға жібермеуге негіз болып табылады.

4.3. Аукционға қатысуға өтінімді берген кезде әлеуетті өнім беруші оны брокерлік қызмет көрсету шартына сәйкес қағаз жеткізгіште және (немесе) Бастамашы аукцион туралы хабарландыруда белгілеген талаптарға қарай электрондық құжат түрінде өз брокеріне береді. Брокерлік қызмет көрсету шартында электрондық құжаттарды беру тәртібі, қолданылатын арна және құжаттарды қабылдауға арналған мекенжайлар көрсетілуге тиіс.

4.4. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімді өз брокеріне берген кезде құжаттарды қабылдау туралы белгі қойылуға тиіс:

4.4.1. қағаз құжат ұсынылған жағдайда, аукционға қатысуға өтінімді қабылдау туралы белгі брокер тарапынан өтінімнің көшірмесіне оны алу уақыты мен күні, құжатты қабылдаған қызметкердің Т.А.Ә. және қоса берілген құжаттардың тізбесі көрсетіліп қойылады. Құжат көшірмесі әлеуетті өнім берушіге дереу қайтарылады не барлық берілетін құжаттар мен олардың парақ саны көрсетілген қабылдау-тапсыру актісі жасалады; актіге құжаттарды қабылдаған брокер қызметкері және әлеуетті өнім берушінің қызметкері қол қояды.

4.4.2. брокерлік қызмет көрсету шартына сәйкес өтінім электрондық форматта ұсынылған жағдайда, брокер алынған құжаттардың тізбесі көрсетілген жауап электрондық хабарламасын дереу жібереді. Сондай-ақ брокер әлеуетті өнім берушінің атауын және оның қатысуға ниет білдірген лоттарын көрсете отырып, аукционға қатысуға өтінімнің алынғаны туралы ЕСЖ Биржасын хабардар етуге тиіс. Аукционға қатысуға өтінімді орындаудан бас тартқан жағдайда

брокер әлеуетті өнім берушіге ЕСЖ Сауда қағидаларына сәйкес себебін көрсете отырып, дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті. Бас тартудың көшірмесі ЕСЖ Биржасына беріледі.

4.5. Үміткер аукционға қатысуға өтінімді Бастамашының брокеріне оны алғаны туралы белгі алумен, онда алынған күні мен уақыты, құжаттарды қабылдаған қызметкердің Т.А.Ә. көрсетіле отырып, береді:

4.5.1. қағаз құжат ұсынылған жағдайда, аукционға қатысуға өтінімді қабылдау туралы белгі Бастамашының брокері тарапынан өтінімнің көшірмесіне оны алу уақыты мен күні, құжатты қабылдаған қызметкердің Т.А.Ә. және қоса берілген құжаттардың тізбесі көрсетіліп қойылады. Құжат көшірмесі Үміткерге дереу қайтарылады не барлық берілетін құжаттар мен олардың парақ саны көрсетілген қабылдау-тапсыру актісі жасалады; актіге құжаттарды қабылдаған брокер-бастамашының қызметкері және Үміткердің қызметкері қол қояды;

4.5.2. аукцион талаптарына сәйкес өтінім электрондық форматта ұсынылған жағдайда, брокер алынған құжаттардың тізбесі көрсетілген жауап электрондық хабарламасын дереу жібереді. Сондай-ақ Бастамашының брокері Үміткердің атауын және оның қатысуға ниет білдірген лоттарын көрсете отырып, аукционға қатысуға өтінімнің алынғаны туралы ЕСЖ Биржасын хабардар етуге тиіс. Аукционға қатысуға өтінімді қабылдаудан бас тартқан жағдайда Бастамашының брокері Үміткерге ЕСЖ Сауда қағидаларына сәйкес себебін көрсете отырып, дәлелді бас тартуды ұсынуға міндетті. Бас тартудың көшірмесі ЕСЖ Биржасына беріледі.

4.6. Үміткерлерден аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін Бастамашының брокері берілген барлық өтінімдерді Аукцион Бастамашысына жібереді, сондай-ақ аукционның әрбір лоты бойынша құжаттар ұсынған Үміткерлердің тізімін ЕСЖ Биржасына береді.

4.7. Аукцион Бастамашысы біліктілік іріктеуді өткізгеннен кейін Бастамашының брокеріне жіберілген Үміткерлердің тізімін және жіберілмеген Үміткерлердің тізімін жібермеу себептерін көрсете отырып береді.

4.8. Бастамашының брокері жіберілген Үміткерлердің тізімін және жіберілмеген Үміткерлердің тізімін жібермеу себептерін көрсете отырып ЕСЖ Биржасына ұсынады.

5. Биржалық қамтамасыз етуді енгізу

5.1. Жіберілген Үміткерлер өз клиентін әлеуетті өнім беруші сауда-саттыққа жіберілген лоттарды көрсете отырып, сондай-ақ егер Бастамашы бастапқыда оны енгізу қажеттігін белгілесе, биржалық қамтамасыз етуді енгізу қажеттігі туралы дереу хабардар етеді.

5.2. Хабарлама брокерлік қызмет көрсету шартында көрсетілген, клиенттің (әлеуетті өнім берушінің) жіберілгені туралы хабарламаны алғанын бізмәнді түрде растайтын тәсілмен жасалуға тиіс.

5.3. Хабарламаны алған кезде және брокерлік қызмет көрсету шартының талаптарына сәйкес биржалық қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші дербес енгізген жағдайда, әлеуетті өнім беруші биржалық қамтамасыз етуді аукцион өткізілетін күннің алдындағы күнгі сағат 17:00-ге дейін Клиринг орталығының банктік шотына енгізуге тиіс. Әлеуетті өнім берушіні уақтылы хабардар етпеген жағдайда, брокер әлеуетті өнім беруші жіберілген лоттар бойынша биржалық қамтамасыз етуді өз қаражаты есебінен енгізуге міндетті.

5.4. Биржалық қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші дербес енгізген кезде оның брокері брокерлік қызмет көрсету шартында әлеуетті өнім берушімен сауда-саттыққа қатысу үшін биржалық қамтамасыз етуді енгізуге арналған Клиринг орталығының банктік деректемелерін көрсетуге тиіс.

5.5. Биржалық қамтамасыз етуді уақтылы енгізбеген жіберілген Үміткерлер аукционға қатысуға жіберілмейді.

6. Сауда-саттыққа қатысу

6.1. Сауда-саттыққа қатысу нысаны, әлеуетті өнім берушіден клиенттік бұйрық беру рәсімі брокерлік қызмет көрсету шартында бұйрықтың берілмей қалу, екіұшты бұйрық берілу немесе бұйрықтың уақтылы берілмеу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп көрсетілуге тиіс.

6.2. Егер клиенттік бұйрықта брокер саудаласа алатын ең төмен баға көрсетілсе, брокерлік қызмет көрсету шартында басқа Үміткер жеңімпаз деп жарияланған жағдайда, клиенттік бұйрықта көрсетілген ең төмен баға бойынша өтінімді қоймағаны үшін брокердің жауапкершілігі белгіленуге тиіс.

7. Есептілік

7.1. Үміткерлердің брокерлері және Бастамашының брокері өз клиенттеріне клиенттік бұйрықтың орындалуы туралы есепті мәміле жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға тиіс.

7.2. Жеңімпаз брокердің және Бастамашы брокерінің есебінде клиенттік бұйрықты орындау шеңберінде жасалған биржалық мәміленің барлық параметрлері қамтылуға тиіс.

7.3. Аукционда жеңіске жетпеген Үміткерлер брокерлерінің есебінде мәміленің жалпыға қолжетімді параметрлері (Жеңімпаз брокердің атауы, лот коды, лот атауы, Бастамашының атауы, мәміле бағасы) қамтылуға тиіс.

7.4. Егер аукцион өткізілмеген болса, брокерлердің есебінде аукционның өтпей қалу себебі көрсетілуге тиіс.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы әдістемелік ұсынымдардың ережелеріне сәйкес брокерлерден ЕСЖ Биржасына немесе ЕСЖ КО-ға құжаттарды беру, егер осы әдістемелік ұсынымдарда өзгеше тікелей көзделмесе, ЭҚАЖ арқылы жүзеге асырылады.